

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 1389 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қазандағы N 1076 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ұлттық темір жол компаниясы мен ұлттық тасымалдаушылардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 1389 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Компанияға магистральдық темір жол желісінің берілуіне байланысты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен компанияға магистральдық темір жол желісі объектілері орналасқан жер учаскелеріне 5 жыл мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығының берілуін қамтамасыз етсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі